e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 14.03.2023
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 14.03.2023
Дата скачивания 29.03.2024

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2015 жылғы 28 қарашадағы № 9 НҚ нормативтік қаулысымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 589 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 28 желтоқсанда № 12577 болып тіркелді

Высшая аудиторская палата Республики Казахстан

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңының 46-бабының 3-тармағына сәйкес, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі **БҰЙЫРАДЫ**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл қағидалары бекітілсін.

2. Есеп комитетінің Заң бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен нормативтік қаулының және бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен нормативтік қаулы және бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бірлескен нормативтік қаулының және бұйрықтың Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

3. Бірлескен нормативтік қаулының және бұйрықтың орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің Төрағасына жүктелсін.

4. Осы бірлескен нормативтік қаулы және бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы

_____Қ. Жаңбыршин

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

_____Б. Сұлтанов

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 14.03.2023
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 14.03.2023
Дата скачивания 29.03.2024

Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау
жөніндегі есеп комитетінің
2015 жылғы 28 қарашадағы
№ 9-НҚ нормативтік
қаулысымен және
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 23 қарашадағы
№ 589 бұйрығымен
бірлесіп бекітілді

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 14.03.2023 № 10-НҚ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 07.04.2023 № 348 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 46-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата), ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – Уәкілетті орган) және оның аумақтық бөлімшелерінің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру, мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу (бұдан әрі – аудиторлық іс-шаралар), қатар және бірлескен тексерудің нәтижелерін ресімдеу мен

материалдарын іске асыру, сондай-ақ мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жұмыстарының көрсеткіштері туралы ақпаратты дайындау мәселелері бойынша өзара іс-қимылы кезінде қолданылады.

3. Жоғары аудиторлық палатаның, Уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің, тексеру комиссияларының (бұдан әрі – мемлекеттік аудит органдары) арасындағы ақпарат алмасу осы Қағидаларға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру кезіндегі өзара іс-қимылы

1-параграф. Жоғары аудиторлық палатаның, Уәкілетті органның және тексеру комиссияларының мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі

4. Жоғары аудиторлық палата және Уәкілетті орган жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 25 қазанына дейін мемлекеттік аудит объектілері тізбелерінің (бұдан әрі – тізбе) жобаларымен алмасады.

Тізбе мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің атауын (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектілері), аудиттің типі мен тексерудің түрін, аудиторлық іс-шараның атауын, мемлекеттік аудитті жүзеге асырудың мерзімдерін және қажет болған жағдайда жылдар бойынша бөле отырып, мемлекеттік аудитпен қамтылатын бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің жоспарлаған сомалар бойынша болжамын және мемлекеттік аудит органдарының функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, аудиторлық іс-шараның басқа да параметрлерін қамтиды. Аудиторлық іс-шараның қысқаша атауын көрсетуге жол беріледі.

5. Уәкілетті орган тізбесінің жобасында Қазақстан Республикасы Президентінің, ол уәкілеттік берген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі адамдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары, депутаттық сауалдар, прокуратура мен қылмыстық қудалау органдарының сұрау салулары негізінде тиісті тапсырмалар мен сұрау салулардың көшірмелері қоса

беріле отырып, мемлекеттік аудитпен қамтылуы көзделген мемлекеттік аудит объектілері бөліп көрсетіледі.

Уәкілетті орган тізбесінің жобасынан Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары, депутаттық сауалдар, прокуратура мен қылмыстық қудалау органдарының сұрау салулары негізінде Уәкілетті орган жүргізетін аудиторлық іс-шара көзделген мемлекеттік аудит объектілерін қоспағанда, Жоғары аудиторлық палата тізбесінің жобасындағы мемлекеттік аудит объектілері алынып тасталады, не болмаса қатар тексеру жүргізу туралы мәселе қарастырылады.

6. Жоғары аудиторлық палата және Уәкілетті орган жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 10 қарашасына дейін мемлекеттік аудит объектілерін және мемлекеттік аудитпен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің болжамды көлемін келіседі, хаттама жасай отырып, бірлескен, қатар тексеру жүргізу мәселелерін пысықтайды.

7. Жоғары аудиторлық палатаның және Уәкілетті органның бекітілген тізбелермен алмасуы тізбелерді бекіту туралы бұйрықтар тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

8. Жоғары аудиторлық палатаның тізбесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар Заңның 18-бабына сәйкес және осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген шарттар сақтала отырып енгізіледі.

9. Уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері Заңның 18-бабында көзделген негіздер бойынша жоспардан тыс мемлекеттік аудит жүргізген жағдайда, жоспардан тыс аудит жүргізу туралы тапсырма бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектілерінің және (немесе) бюджеттік бағдарламалардың қайталануын болдырмау, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілеріне түсетін әкімшілік жүктемені төмендету бойынша шаралар қабылдау мақсатында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоспардан тыс мемлекеттік аудит жүргізуге негіз болған құжаттарды тіркей отырып, Жоғары аудиторлық палатаға жоспардан тыс аудит жүргізу туралы хабарлама жібереді.

Жоғары аудиторлық палатаның және тексеру комиссияларының тізбелерінде бекітілген мемлекеттік аудит объектілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша Уәкілетті органның жоспардан тыс аудит жүргізуі тек Заңның 18-бабында көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

10. Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттік бағдарламаларды пайдалануы мәніне оларға талдау жүргізу үшін, Жоғары аудиторлық палата және Уәкілетті орган тізбелерінің түпкілікті жобаларын Жоғары аудиторлық палата жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 қарашасынан кешіктірмей тексеру комиссияларына жібереді.

11. Тексеру комиссиялары Жоғары аудиторлық палатаның және Уәкілетті органның тізбелері жобаларының негізінде пысықталған тексеру комиссиялары тізбелерінің жобаларын осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген мерзімде Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен пысықтайды.

12. Жоғары аудиторлық палата тексеру комиссияларының тізбелерінің жобаларын келісуді жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 желтоқсанына дейін тиісті келісу хатын жіберу жолымен жүзеге асырады.

13. Мемлекеттік аудит объектілерінің және (немесе) бюджеттік бағдарламалардың қайталануын болдырмау мақсатында Жоғары аудиторлық палата және Уәкілетті орган тиісті ақпарат келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде тізбелерге өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды өзара келіседі.

14. Тексеру комиссияларының тізбесі Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 6-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21070 болып тіркелген) (бұдан әрі – Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары) 33-тармағында көзделген негіздемелермен қоса беріле отырып, Жоғары аудиторлық палатаға тиісті ақпарат (тізбе нысаны бойынша) келіп түскен кезден бастап, үш жұмыс күні ішінде тек Жоғары аудиторлық палатамен келісілгеннен кейін ғана жүзеге асырылатын, қаржыландыру көздерінің бірі республикалық бюджет қаражаты болып табылатын мемлекеттік аудит объектілерімен және бюджеттік бағдарламалармен толықтырылады.

15. Өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, бекітілген тізбелермен алмасу оларды бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Жоғары аудиторлық палатаның тізбесі өзгерістерімен және (немесе) толықтыруларымен бірге оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тексеру комиссияларына жіберіледі.

Жоғары аудиторлық палата Уәкілетті органның тізбесі енгізілген өзгерістерімен және (немесе) толықтыруларымен бірге Уәкілетті орган оларды ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тексеру комиссияларына жібереді.

2-параграф. Тексеру комиссияларының және Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өзара іс-қимыл тәртібі

16. Бір әкімшілік-аумақтық бірліктің тексеру комиссиялары және Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мерзімде тізбелердің жобаларымен алмасады.

17. Тексеру комиссиялары тізбелерінің жобаларын Жоғары аудиторлық палата және Уәкілетті орган тізбелерінің жобаларында көзделген мемлекеттік аудит объектілерін алып тастауды ескере отырып қалыптастырады.

18. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері тізбе жобасын Қазақстан Республикасы Президентінің, ол уәкілеттік берген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі адамдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары, депутаттық сауалдар, прокуратура мен қылмыстық қудалау органдарының сұрау салулары бойынша, Уәкілетті органның бекітілген тізбесінде көзделген аудиторлық іс-шаралары шеңберінде жүргізетін аудиторлық іс-шараларын қоспағанда, тексеру комиссиялары тізбесінің жобасында көзделген мемлекеттік аудит объектілерінің алынып тасталуын ескере отырып қалыптастырады не болмаса қатар тексерулер жүргізу туралы мәселе қарастырылады.

19. Тексеру комиссиялары және Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 5 желтоқсанына дейін тізбелердің

жобаларын кейінгісінен мемлекеттік аудит объектілерінің және бюджеттік бағдарламалардың қайталануын алып тастау не оларды алмастыру бөлігінде талқылау жүргізеді. Тексеру комиссиясында өткізілетін талқылаудың қорытындысы бойынша келісу хаттамасы жасалады.

20. Тексеру комиссияларының және Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің бекітілген тізбелерімен алмасу бұйрықтар тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

21. Тексеру комиссиялары Заңның 18-бабына сәйкес тізбеге өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды осы Қағидалардың 24-тармағында көзделген шарттарды сақтай отырып, тиісті өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізген кезден бастап бес жұмыс күні ішінде Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерін хабардар ету арқылы енгізеді.

22. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі Заңның 18-бабында көзделген негіздер бойынша жоспардан тыс мемлекеттік аудит жүргізген жағдайда, жоспардан тыс аудит жүргізу туралы тапсырма бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектілерінің және (немесе) бюджеттік бағдарламалардың қайталануын болдырмау, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілеріне түсетін әкімшілік жүктемені төмендету бойынша шаралар қабылдау мақсатында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоспардан тыс мемлекеттік аудит жүргізуге негіз болған тиісті құжаттарды тіркей отырып, тиісті тексеру комиссиясына жоспардан тыс аудит жүргізу туралы хабарлама жібереді.

23. Жоғары аудиторлық палатаның және тексеру комиссияларының тізбесінде бекітілген мемлекеттік аудит объектілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің жоспардан тыс аудит жүргізуі тек Заңның 18-бабында көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

24. Мемлекеттік аудит объектілерінің және (немесе) бюджеттік бағдарламалардың қайталануын болдырмау мақсатында тексеру комиссиялары мен Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері тиісті ақпарат келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде тізбелерге өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды өзара келіседі.

3-тарау. Мемлекеттік аудит органдары жүргізетін қатар тексерулер

1-параграф. Қатар тексерулерді жоспарлау

25. Қатар тексерудің іс-шаралары мемлекеттік аудит органдары тізбелер жобаларын осы Қағидалардың 2-тарауында белгіленген мерзімдерде қалыптастыру кезеңінде қаралады.

26. Қатар тексеру жүргізуді мемлекеттік аудит органдары мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген тізбелері негізінде бір мезгілде не келісілген мерзімдерде жүзеге асырады.

2-параграф. Қатар тексерудің бағдарламасын әзірлеу және бекіту

27. Мемлекеттік аудит органдары қатар тексерудің бағдарламаларын (мемлекеттік аудит объектілерінің, бюджеттік бағдарламалардың атауларын, мемлекеттік аудит органы қамтитын тексеру мәселелерін, қатар тексеруге қатысушыларды көрсете отырып) дербес әзірлейді және бекітеді.

28. Бастамасы бойынша қатар тексеру жүргізілетін мемлекеттік аудит органы (бұдан әрі – қатар тексерудің бастамашысы) қатар тексеру жүргізуге қатысатын мемлекеттік аудит органдарына тексерілетін мәселелердің және мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін және тексеру басталғанға дейін кемінде жеті жұмыс күні ішінде оларды мемлекеттік аудит органдары бойынша бөлу жөніндегі ұсыныстарын жібереді.

29. Қатар тексеруді жүргізуге қатысатын мемлекеттік аудит органдары қатар тексерудің бастамашысынан алынған мемлекеттік аудит мәселелерінің, объектілерінің тізбесі туралы ақпараттың негізінде қатар тексеру жүргізудің бағдарламаларының жобаларын әзірлейді, бұл ретте тексерудің қосымша мәселелерін қоса отырып, негізгі тексерілетін мәселелердің тізбесін кеңейтуге жол беріледі. Аудит бағдарламаларының жобалары бойынша сапа бақылауы жүргізіледі. Тексерудің бағдарламаларының жобалары аудиторлық іс-шара

басталғанға дейін кемінде бес жұмыс күні ішінде жүргізілген сапа бақылауы ескеріле отырып (сыртқы мемлекеттік аудит органдарымен), бастамасы бойынша қатар тексеру жүргізілетін мемлекеттік аудит органына келісу үшін жіберіледі.

30. Мемлекеттік аудит органдарының қатар тексерудің бағдарламаларының жобаларын келісуі оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда, бастамасы бойынша қатар тексеру жүргізілетін мемлекеттік аудит органы өзінің тексеру бағдарламасының жобасына түзетулер енгізеді және оларды қатар тексеру басталғанға дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей бекітеді.

31. Әрбір тарап қатар тексеруді жүргізу кезінде аудиторлық есептер Заңда көзделген мемлекеттік аудит органдарының талаптарына сәйкес дербес ресімделеді.

3-параграф. Жоғары аудиторлық палата және Уәкілетті орган жүргізетін қатар тексерулердің ерекшеліктері

32. Жоғары аудиторлық палатаның қатар тексерудің нәтижелері бойынша аудиторлық қорытындыны дайындауы қатар тексеру аяқталғаннан кейін немесе мемлекеттік аудит объектісінің қарсылықтарына (егер олар болған жағдайда) уәжді жауап жіберген кезден бастап, екі апталық мерзімде жүзеге асырылады. Аудиторлық қорытындыға Жоғары аудиторлық палатаның қалауы бойынша Уәкілетті орган жүргізген қатар тексерудің нәтижелері қосылады.

33. Уәкілетті орган анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасын мемлекеттік аудит объектілерінің бөлінісінде көрсете отырып, жүргізілген қатар тексерудің нәтижелері, тексеру жүргізу барысында аудит объектілерінің қабылдаған шаралары туралы жинақталған ақпаратты, сондай-ақ нұсқамалардың көшірмелерін Жоғары аудиторлық палатаға оларға қол қойылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде ұсынады.

34. Жоғары аудиторлық палатаның отырыстарында Уәкілетті органның басшылығының, тексеруге жауапты адамдардың қатысуымен жүргізілген қатар тексерудің материалдары талқыланады, сондай-ақ жүргізілген қатар тексерудің қорытындылары туралы қаулы қаралады және қабылданады.

35. Жоғары аудиторлық палата қабылданған қатар тексерудің қорытындылары туралы қаулының көшірмесін Уәкілетті органға қабылданғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде жібереді.

4-параграф. Жоғары аудиторлық палата және Тексеру комиссиялары жүргізетін қатар тексерулердің ерекшеліктері

36. Жүргізілген қатар тексерудің нәтижелері бойынша Жоғары аудиторлық палата мен тексеру комиссияларының қатар тексеруді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауапты мүшелері жеке-жеке аудиторлық қорытындылар жасайды. Қажеттілігіне қарай, Жоғары аудиторлық палатаның аудиторлық қорытындысына талдау үшін тексеру комиссиялары жүргізген қатар тексерудің нәтижелері енгізілуі мүмкін.

37. Тексеру комиссиялары Жоғары аудиторлық палатаға сапа бақылауы мен заң сараптамасының нәтижелерін ескере отырып, жүргізілген қатар тексерудің нәтижелері туралы талдау ақпаратын ол аяқталған кезден бастап, он жұмыс күні ішінде ұсынады.

38. Қатар немесе бірлескен тексерудің нәтижелері бойынша аудиторлық қорытынды Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіпке сәйкес жасалады.

39. Жоғары аудиторлық палатаның және тексеру комиссияларының отырыстарында жүргізілген Қатар тексерудің қорытындылары туралы қаулы қаралады және жеке қабылданады.

40. Жоғары аудиторлық палата және тексеру комиссиялары қабылданған Қатар тексерудің қорытындылары туралы қаулылардың көшірмелерімен олар қабылданғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде алмасады.

5-параграф. Тексеру комиссиялары және Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жүргізетін қатар тексерулердің ерекшеліктері

41. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің тексеру комиссияларына бұзушылықтардың анықталған жалпы сомасын

мемлекеттік аудит объектілері бөлінісінде көрсете отырып, жүргізілген қатар тексерудің нәтижелері, тексеру жүргізу барысында аудит объектілерінің бұзушылықтарды жою бойынша қабылдаған шаралары туралы жинақталған ақпарат пен нұсқамалардың көшірмелерін оларға қол қойылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде ұсынады.

42. Тексеру комиссияларының отырыстарында Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшылығының, тексеруге жауапты адамдардың қатысуымен қатар тексерудің материалдары талқыланады, сондай-ақ қатар тексерудің қорытындылары туралы қаулы қаралады және қабылданады.

43. Тексеру комиссиялары қабылданған қатар тексерудің қорытындылары туралы қаулының көшірмесін қабылданғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органның бөлімшесіне жібереді.

6-параграф. Қатар тексеру материалдарының орындалуын бақылау

44. Қатар тексерудің қорытындылары бойынша қаулылардың, нұсқамалардың орындалуын бақылау Заң талаптарына сәйкес жүргізіледі.

45. Мемлекеттік аудит органдары қатар тексерудің қорытындылары бойынша қаулылар (нұсқамалар) тармақтарының іске асырылу барысы туралы тоқсанның соңғы айының 25-күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын бір-біріне тиісті ақпарат жіберу арқылы хабарлайды.

7-параграф. Мемлекеттік аудит органдарының қатар тексерудің қорытындылары бойынша есептілігі

46. Жоғары аудиторлық палата Уәкілетті органмен, тексеру комиссияларымен бірге жүргізілген қатар тексерудің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын тоқсан сайынғы ақпаратқа және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын жылдық есепке енгізу үшін талдамалық ақпарат дайындайды.

47. Уәкілетті орган Жоғары аудиторлық палатамен бірге жүргізілген қатар тексерудің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылатын есепке енгізу үшін тоқсан сайын және жылдың қорытындысы бойынша ақпарат дайындайды.

48. Тексеру комиссиялары Жоғары аудиторлық палатамен, Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерімен бірге жүргізілген қатар тексерудің қорытындылары бойынша, Жоғары аудиторлық палатаға ұсынылатын тоқсан сайынғы есепке, мәслихаттарға ұсынылатын тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке енгізу үшін талдамалық ақпарат дайындайды.

49. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері тексеру комиссияларымен бірге жүргізілген қатар тексерудің қорытындылары бойынша Уәкілетті органға ұсынылатын есепке енгізу үшін тоқсан сайын және жылдың қорытындысы бойынша ақпарат дайындайды.

4-тарау. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының бірлескен тексерулері

1-параграф. Бірлескен тексерулерді жоспарлау

50. Жоғары аудиторлық палата және тексеру комиссиялары жүргізетін бірлескен тексеру кезекті жылға арналған тізбелер жобаларын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

51. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының (бұдан әрі – сыртқы мемлекеттік аудит органдары) бірлескен тексеруі бекітілген тізбелердің негізінде жүргізіледі.

52. Жоғары аудиторлық палата және Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын бірлесіп орындаған жағдайда, қатар тексеру жүргізеді.

53. Басқа мемлекеттік органдармен бірлескен тексеру жүргізу өзге де нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.

2-параграф. Бірлескен тексерудің бағдарламасын әзірлеу және бекіту

54. Сыртқы мемлекеттік аудит органдарының бірлескен тексеруі жалпы тексеру бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

55. Жоғары аудиторлық палата және тексеру комиссиялары жүргізетін бірлескен тексерудің бағдарламасының жобаларын Жоғары аудиторлық палата бірлескен тексеруді жүргізу басталғанға дейін кемінде он үш жұмыс күні бұрын әзірлейді және келісу үшін тексеру комиссияларына жібереді.

56. Тексеру комиссиялары бірлескен тексерудің бағдарламасының жобасын келісуге келіп түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде келісуді жүзеге асырады.

57. Бірлескен тексеру бағдарламасында оны жүргізудің негізі, мемлекеттік аудит объектілерінің атауы, аудиттің мақсаты, аудиттің типі мен тексеру түрі, тексерумен қамтылатын қаражат көлемі, тексеру кезеңі мен мерзімдері, бірлескен тексеру жүргізу үшін қажетті ресурстар, бірлескен тексеру тобының құрамы және оның жетекшісі, тексеру нысанасы, тексеру мәселелері және оларды қараудың дәйектілігі, тексеруді ақпараттық және әдіснамалық қамтамасыз етуі көрсетіледі.

Бірлескен тексерудің аудит бағдарламаларының жобалары бойынша Жоғары аудиторлық палата сапа бақылауын жүргізеді.

58. Бірлескен тексерудің бағдарламасына Жоғары аудиторлық палатаның және тексеру комиссияларының бірлескен тексеруді жүргізуге жауапты аудит тобының жетекшілері (келісудің ішкі рәсімдерінен өткеннен кейін) қол қояды, оны Жоғары аудиторлық палатаның және тексеру комиссияларының бірлескен тексеруді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауапты мүшелері бірлескен тексеру басталғанға дейін кемінде екі жұмыс күні бұрын бекітеді.

59. Бірлескен тексеру жүргізу үшін Жоғары аудиторлық палатаның және тексеру комиссияларының өкілдерінен ортақ бірлескен тексеру тобы немесе әрбір тараптан жеке-жеке тексеру тобы құрылады, оның қатысушыларын аудит объектілері және бюджет деңгейлері бойынша бөлуді тексеру комиссияларының тексеруді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауапты мүшелерінің келісімі бойынша Жоғары аудиторлық палатаның бірлескен тексеруді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауапты мүшесінің басшылығы жүзеге асырады.

3-параграф. Бірлескен тексеру жүргізу

60. Бірлескен тексеру жүргізуге тапсырмаларды сыртқы мемлекеттік аудит органдары дербес ресімдейді.

61. Қызметкерлерді іссапарға жіберу бойынша шығыстарды әрбір мемлекеттік аудит органы дербес жүзеге асырады.

62. Бірлескен тексеруді сапалы жүргізу мақсатында тексеруге жауапты лауазымды адамдар, бірлескен тексеру тобының қатысушылары:

1) бірлескен тексеруді жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді талқылай отырып, жұмыс кеңестерін өткізу;

2) консультациялар беру;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттарын, ақпарат алмасу арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

4-параграф. Бірлескен тексерудің нәтижелерін ресімдеу және шешімдер қабылдау

63. Аудиторлық есепке жазбаша қарсылықтарды Жоғары аудиторлық палатаның және тексеру комиссияларының бірлескен тексеруді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауапты мүшелері тексеруді жүзеге асырған қызметкерлермен бірлесіп қарайды. Мемлекеттік аудит объектісіне жауапты өз мекенжайына жазбаша қарсылықтар келіп түскен сыртқы мемлекеттік аудит органы он жұмыс күні ішінде жібереді.

64. Бірлескен тексерудің нәтижелері бойынша аудиторлық қорытындының жобасын дайындау мемлекеттік аудит объектісінің қарсылықтарына (егер олар болған жағдайда) берілген уәжді жауап ескеріліп, ішкі келісуден өткеннен кейін тексеру тобының қатысушылары тартыла отырып, бірлескен тексеруді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауапты Жоғары аудиторлық палата мүшесінің басшылығымен және тексеру комиссиялары мүшелерінің қатысуымен он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

65. Аудиторлық қорытындыға Жоғары аудиторлық палатаның және тексеру комиссияларының бірлескен тексеруді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауапты мүшелері қол қойып, Жоғары аудиторлық палатаның және тексеру комиссияларының бірлескен отырысының қарауына шығарылады. Аудиторлық қорытындыға Жоғары аудиторлық палатаның және тексеру комиссиясының бірлескен тексеруді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауапты мүшелері қол қойғаннан кейін тексеру тобының қатысушыларымен бірлесіп, анықталған бұзушылықтардың жиынтық тізілімі, аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелі кемшіліктердің жиынтық кестесі, сондай-ақ бірлескен тексерудің қорытындылары туралы қаулы жобасы жасалады.

66. Жүргізілген бірлескен тексерудің материалдары бірлескен отырыста талқыланады, бірлескен тексерудің қорытындылары туралы қаулы қаралады және қабылданады.

Бірлескен тексерудің қорытындылары туралы қаулы Жоғары аудиторлық палата қаулысының бланкісінде ресімделіп, оған Жоғары аудиторлық палатаның және Тексеру комиссиясының төрағалары қол қояды.

67. Бірлескен тексерудің нәтижелерін қарау кезіндегі бірлескен отырыс, егер оған Жоғары аудиторлық палата және тексеру комиссиялары мүшелерінің кемінде үштен екісі жеке өзі не бейнеконференция арқылы қатысса, құқылы деп есептеледі.

68. Бірлескен отырыс тексеру комиссиясының төрағасы қатыса отырып, Жоғары аудиторлық палата Төрағасының төрағалығымен өткізіледі.

69. Бірлескен отырысқа мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары шақырылады.

70. Бірлескен отырыста мәселелерді қараудың нәтижелері бойынша шешім ашық дауыс беру жолымен қабылданады. Отырысқа қатысушылардың немесе бейнеконференция байланысы арқылы қатысушылардың ішінен Жоғары аудиторлық палата мүшелерінің және тексеру комиссиясы өкілдерінің (тексеру комиссиясының төрағасы және мүшелері) жартысынан көбі шешімге дауыс берсе, онда ол қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады.

71. Жоғары аудиторлық палата және тексеру комиссиялары жүргізген бірлескен тексерудің қорытындылары туралы қаулы Тексеру комиссияларының өкілдері шақырыла отырып, не бейнеконференция өткізу жолымен талқылау арқылы Жоғары аудиторлық палатаның отырысында талқыланғаннан кейін қабылданады. Тексеру комиссиясының аумағында Жоғары аудиторлық палатаның көшпелі отырысын өткізуге рұқсат етіледі.

5-параграф. Бірлескен тексеру материалдарының орындалуын бақылау

72. Жоғары аудиторлық палата және тексеру комиссиялары жүргізген бірлескен тексерудің қорытындылары бойынша қаулы мен нұсқаманың орындалуын бақылауды Жоғары аудиторлық палатаның және тексеру комиссиясының бірлескен тексеруді ұйымдастыруға және жүргізуге жауапты мүшелері өз құзыреттеріне сәйкес жүзеге асырады.

73. Жоғары аудиторлық палата және тексеру комиссиясы жүргізген бірлескен тексерудің қорытындылары бойынша қаулы мен нұсқама тармақтарының іске асырылуы туралы ақпарат алмасу тиісті қаулыларда белгіленген орындау мерзімі өткен соң жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Аудиторлық қорытындыда (соның ішінде бірлескен) қамтылған ұсынымдардың және Жоғары аудиторлық палатаның нұсқамалары (қаулылары) тармақтарының орындалуына жүргізілген сапа бақылауының қорытындылары бойынша тексеру комиссиясы ұсынған ақпараттың сапасына Жоғары аудиторлық палатаның ескертулері болған жағдайда, Жоғары аудиторлық палата сапа бақылауын жүргізуді аяқтаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны тексеру комиссиясына пысықтауға жібереді.

Жоғары аудиторлық палатаның ескертулері болмаған жағдайда, тексеру комиссиясының ақпараты назарға алынады және бірлескен тексерудің қаулысы мен нұсқамасының тиісті тармақтары орындалған болып есептеледі.

6-параграф. Бірлескен тексерудің қорытындылары бойынша сыртқы мемлекеттік аудит органдарының есептілігі

74. Жоғары аудиторлық палата тексеру комиссияларымен бірге жүргізген бірлескен тексерудің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын тоқсан сайынғы есепке және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын жылдық есепке енгізу үшін талдамалық ақпарат дайындайды.

75. Тексеру комиссиялары Жоғары аудиторлық палатамен бірге жүргізген бірлескен тексерудің қорытындылары бойынша Жоғары аудиторлық палатаға ұсынылатын тоқсан сайынғы есепке, мәслихаттарға ұсынылатын бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке енгізу үшін талдамалық ақпарат және Президент Әкімшілігіне ұсынылатын сараптамалық-талдау іс-шаралары жөнінде ақпарат дайындайды.

5-тарау. Мемлекеттік аудит органдарының жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша өзара іс-қимылы

76. Мемлекеттік аудит органдары тоқсан сайын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шаралармен қамтылған мемлекеттік аудит объектілерінің және бюджеттік бағдарламалардың тізілімімен (бұдан әрі – Тізілім) алмасады.

Тізілім үстеме және жоспардан тыс тексерулер ескеріле отырып, аяқталған аудиторлық іс-шаралар бойынша өспелі қорытындымен қалыптастырылады.

77. Тексеру комиссиялары Жоғары аудиторлық палатамен бірлесіп жүргізген тексерудің қорытындысы бойынша есептілігінде тексеру комиссияларының тексеру жүргізуге тікелей қатысқан мемлекеттік аудиторларының аудит нәтижелерін Жоғары аудиторлық палатамен жазбаша келісім бойынша ескереді.

78. Жоғары аудиторлық палата және Уәкілетті орган тексеру комиссияларының және тиісінше Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің тізілімдерін қоса бере отырып, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей, Тізілімдермен алмасады.

79. Жоғары аудиторлық палата және Уәкілетті орган тиісінше Тізілімдерді тексеру комиссияларына және Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей жібереді.

80. Бір әкімшілік-аумақтық бірліктің тексеру комиссиялары және Уәкілетті органының аумақтық бөлімшелері есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей, Тізілімдермен алмасады.

81. Тексеру комиссиялары есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей, Тізілімдерді Жоғары аудиторлық палатаға жібереді.

82. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей, Тізілімдерді Уәкілетті органға жібереді.

6-тарау. Мемлекеттік аудит органдарының жұмыс көрсеткіштері туралы ақпаратты қалыптастыру кезіндегі мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылы

